

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№76 (241), маусым, 2026 ж.

Еуропада білім алып,
тәжірибе жинаған жастар

12

Әлем мойындаған
Әбдуәлі Баешов

16

Тарих тағылымына бастар жол:
«Шымкент-Торғай» экспедициясы

22



«Химия - 2026»: ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІСТІ ТОҒЫСТЫРҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Университетімізде «Химия - 2026: Ғылым мен өндірістің тұрақты дамуының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ауқымды жиын химия саласындағы ғылыми зерттеулер мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға, сондай-ақ саланың өзекті мәселелерін талқылауға арналды.



Конференцияда сөз алған ҚР ҰҒА академигі М.М.Бүркітбаев «ҚазКСР ҒА академигі А.Б. Бектұров - Қазақстандағы химия ғылымы мен білімінің негізін қалаушы» тақырыбында баяндамысында отандық химия ғылымына және академиктің еңбегіне терең тоқталды.

Халықаралық жиынның қонақтары
ҚР ҰҒА академигі, профессор, х.ғ.д.
- М.Ж.Жұрынов;

ЖҒҰА академигі, т.ғ.д., профессор,
- М.Қ.Наурызбаев;

ҚР ҰҒА академигі, профессор, х.ғ.д., -
Ә.Б.Баешов құттықтау сөз сөйлеп, химия
ғылымындағы заманауи жетістіктер мен оның
ел экономикасын дамытудағы маңызын атап
өтті. Сондай-ақ құттықтау сөздерін онлайн
форматта Назарбаев университетінің PhD
(Chemistry), профессоры Н. Нурай, Тараз қаласындағы Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технология университеті филиалының директоры Н.А. Макаров және АҚШ-тағы

Arizona State University университетінің жетекші ғылыми қызметкері, PhD А.О. Балабиев жолдады.

Халықаралық конференцияға Қазақстан, Қытай, Польша және Пәкістан елдерінен келген ғалымдар мен сарапшылар қатысып, ғылым, инновация және өндірістің тұрақты дамуына қатысты өз тәжірибелерімен бөлісті.

Жалғасы 4 -бетте.

Жетекші сарапшылар іс-сапармен келді



Оқу ордамызға Орталық Азия білім беру аккредитациясы қауымдастығының (САААЕ) сарапшысы, М. Әуезов атындағы ОҚУ Директорлар кеңесінің төрағасы Бүркітбаев Мұхамбетқали Мырзабайұлы және ғылым мен білім беру үдерістерін ұйымдастыру және басқару саласының консультанты Акоев Марк Анатольевич жұмыс сапарымен келді.

Алдымен сарапшылар университеттің басшылық құрамымен кездесті. Басқосуда Басқарма Төрағасы-ректордың м.у.а. Ғани Бесбаев қонақтарға алғыс айта отырып, бұл басқосудың тәжірибе алмасуға, жаңа бастамаларды талқылауға және ортақ мақсаттарды айқындауға зор мүмкіндік беретінін жеткізді.

М. Бүркітбаев QS рейтингіне дайындық сапасын жақсарту перспективалары жайында ойларымен бөліссе, М.Акоев «QS World University Rankings: Прорыв из ТОП-700 выше» тақырыбындағы баяндамасында шетелден келген ғалымдармен тұрақты консорциумдар құру үшін ОҚУ-дың инженерлік кафедраларын пайдалану, жарияланым шығындарын оңтайландыру, зерттеуші мақалаларының санын көбейтуге қатысты тәжірибелерімен бөлісті.

Басшылық құраммен өткен кездесуден кейін сарапшылар Жоғары мектептер, факультет декандары және құрылымдық бөлім басшыларымен кездесті. Сарапшылар университеттің халықара-

лық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ғылыми жарияланымдардың сапасын жақсарту және әлемдік рейтингтердегі көрсеткіштерді көтеру мәселелері бойынша маңызды ұсыныстарын ортаға салды.



Аuezon University мен мемлекеттік қызмет істері агенттігі меморандумға қол қойды

Әуезов университеті мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Іс-шараға екі тараптың басшылық құрамы, Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының қызметкерлері және университеттің «Заң» факультетінің профессор-оқытушылары қатысты.



Меморандумның негізгі мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен мәдениетті қалыптастыру, академиялық адалдық қағидаларын ілгерілету және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша өзара іс-қимылды күшейту.

Құжат аясында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәнінің мазмұнын жетілдіру, комплаенс-мамандар даярлауға әдістемелік қолдау көрсету, академиялық адалдықты насихаттау, жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу және бірлескен кездесулер мен қонақ дәрістер ұйымдастыру жоспарлануда.

Университет делегациясы халықаралық саммитке қатысты

Университет делегациясы Сингапурда өткен QS EduData Summit 2026 халықаралық саммитіне қатысты. Халықаралық саммит әлемнің түкпір-түкпірінен келген университет басшыларын, ғалымдарды, білім беру саясатын қалыптастырушыларды, білім беру деректері саласының мамандарын және білім беру инновацияларының өкілдерін бір алаңға тоғыстырды.

Саммит барысында университет өкілдері жоғары білім берудегі цифрлық трансформациялау, білім беру деректерін талдау, халықаралық рейтингтер, академиялық беделді арттыру, сондай-ақ жасанды интеллекті білім беру үдерісіне енгізудің мүмкіндіктері мен ықтимал тәуекелдері сияқты өзекті мәселелерді талқылауға белсенді қатысты.

Іс-шара аясында білім беру деректері мен жасанды интеллект саласының болашағын айқындайтын жаңа үрдістер мен инновациялық шешімдер таныстырылып, саммит барысында көтерілген маңызды тақырыптарға жан-жақты талдау жасалды.



Bank CenterCredit-тен білім ордасына тағылымды тарту

Оқу ордамыздың кітапханасы тағы бір тағылымы мол, тарихи маңызы зор шығармамен толықты. Bank CenterCredit АҚ филиалының директоры А.К. Оналбеков пен бөлім директоры Е.К. Молдабеков университет кітапханасына көрнекті қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романының 100-ге жуық данасын тарту етті.



Ұлттық әдебиетті қолдау және кітап оқу мәдениетін дамыту мақсатында жүзеге асқан бұл игі бастама Bank CenterCredit қолдауымен жарық көрген шығарманың кең оқырман қауымға жол тартуына мүмкіндік берді.

Ұлт руханиятының алып бәйтерегіне айналған Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» шығармасы – ұлттық рухани мұрамызды сақтау мен насихаттауға қосылған маңызды үлес. Тарихи роман жастарға халқымыздың тарихын, құндылықтары мен рухани бағдарларын тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Қазақ тарихын тереңінен толғайтын, кең құлашты, ел еркіндігін басты мұрат еткен көркем туынды.

Университеттің Басқарма мүшесі – бірінші проректоры Қ.Р. Сарыкулов білім мен руханият саласын қолдап, ұлттық әдебиетті насихаттауға және елдің зияткерлік әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін Bank CenterCredit АҚ ұжымына алғысын білдірді.

Үздік студенттер марапатталды

Университетіміздің студенттері жыл сайын республикалық және халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадаларда, ғылыми жобалар байқауларында, шығармашылық және спорттық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп, оқу орнының абыройын асқақтатып келеді. Биыл да талантты жастар түрлі додада топ жарып, университет қоржынына кезекті жеңістерін салды.

Осы орайда республикалық және халықаралық деңгейдегі пәндік, ғылыми және спорттық жарыстарда топ жарып, оқу орнының мерейін асқақтатқан үздік студенттерді марапаттау рәсімі өтті.

Іс-шара барысында Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ернар Иманғалиев студенттерді жарқын жетістіктерімен құттықтап, кездесудің басты мақсаты – университет мақтаныштарын бір ортаға жинап, өзара таныстырып, достық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік жасау екенін атап өтті.



Профессор ғылыми атағы берілді

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2026 жылғы 8-маусымдағы № 415 бұйрығымен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Мұнайгаз ісі» кафедрасының профессоры, химия ғылымдарының докторы Надиров Казим Садыковичке 20700 - «Энергетика және қоршаған ортаны ұтымды басқару» ғылыми бағыты бойынша «профессор» ғылыми атағы берілді.



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2026 жылғы 11-маусымдағы № 430 бұйрығымен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Техникалық мамандықтар үшін шеті тілі» кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Жорабекова Айнур Назимбековнаға 50300 - «Білім» ғылыми бағыты бойынша «профессор» ғылыми атағы берілді.



Ғылыми атақ құтты болсын!

Университет ғалымдары Қазақстанның топ-100 авторлары қатарына енді!

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы 2021-2025 жылдар аралығында Web of Science және Scopus халықаралық дерекқорларында ең жоғары жарияланымдық белсенділік пен дәйексөз көрсеткіштеріне ие қазақстандық ғалымдардың рейтингін жариялады.

«Химиялық инженерия» бағыты бойынша ТОП-100 қатарына М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғалымдары:

Еркебұлан Райымбеков – Ү. Бестереков атындағы «EcoGreenLab» ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі;

Ұлжалғас Назарбек – «Мұнай, мұнай өнімдері және газ технологиясы» ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі;

Бақыт Смайлов – «Мұнай, мұнай өнімдері және газ технологиясы» ғылыми-зерттеу зертханасының жетекші ғылыми қызметкері.

Ал «Білім беру» бағыты бойынша ТОП-100 рейтингке енген ғалымдар: Негматжан Алметов – п.ғ.д., профессор;

Айнұр Жорабекова – «Техникалық мамандықтарға арналған шетел тілі» кафедрасының меңгерушісі;

Нұрлыбай Мадияров – «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» ЖМ деканы, п.ғ.к, доцент.

Бұл жетістік университет ғалымдарының халықаралық ғылыми кеңістіктегі жоғары белсенділігі мен зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін көрсетеді. Әріптестерімізді осы жоғары жетістігімен құттықтаймыз!

Жалғасы. Басы 1-бетте

«Химия - 2026»: ғылым мен өндірісті тоғыстырған халықаралық конференция



«Химия - 2026»: ғылым мен өндірісті тоғыстырған халықаралық конференция

- ◊ Баешов Әбдуәлі Баешұлы – ҚР ҰҒА академигі, профессор, химия ғылымдарының докторы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.
- ◊ Жарменов Абдурасул Алдашұлы – ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.



Ғылыми-тәжірибелік конференция секциялық отырыстар форматында жалғасты. Барлығы 8 секция бойынша химия ғылымының өзекті бағыттары қарастырылды.

Атап айтқанда, қазіргі химияның іргелі және қолданбалы аспектілері, бейорганикалық заттар мен материалдардың инновациялық технологиялары, органикалық синтез және мұнай химиясы, фармацевтикалық инженерия мен биотехнологиялық процестер, экология және жасыл химия, сондай-ақ химиялық өндірістердің тұрақты дамуы мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар силикатты, металлургиялық және композициялық материалдар, мұнай-газ технологиялары мен шикізатты өңдеудің химиялық процестері және педагогикалық химия мен химиялық білім берудің заманауи трендтері секілді бағыттар бойынша да мазмұнды пікір алмасу өтті.

«М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Құрметті профессоры» атағы берілді

Конференция аясында отандық ғылым мен білімнің дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалымдарға университеттің ең жоғары марапаттарының бірі – «М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Құрметті профессоры» атағы табысталды. Аталған құрметті атаққа ие болғандар:

- ◊ Жұрынов Мұрат Жұрынұлы – ҚР ҰҒА академигі, профессор, химия ғылымдарының докторы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.
- ◊ Наурызбаев Михаил Қасымұлы – Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

«М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Құрметті профессоры» атағы – университеттің ғылым мен білім саласындағы ерекше еңбекті бағалауының белгісі.





«Химиктер аллеясы» ашылды

Конференция аясында университет аумағында жаңа нысан - «Химиктер аллеясының» ашылуы өтті. Салтанатты іс-шараға елімізге және шетелге танымал ғалымдар, академиктер, конференция қонақтары қатысты. Бұл игі бастама химия ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалымдардың еңбегін ұлықтауға, жас ұрпақтың

ғылымға деген қызығушылығын арттыруға және ғылыми сабақтастықты нығайтуға бағытталған.

Алдымен қонақтар академик Сұлтан Сүлейменовтың рухына тағзым етіп, ескерткіштеріне гүл қойды.

«Химиктер аллеясы» - химия ғылымының өткенін дәріптеп қана қоймай, болашақ ғылыми жетістіктерге жол ашатын тағылымды кеңістік ретінде университет тарихынан орын алатыны сөзсіз.



Конференция аясында серіктестік туралы меморандумға қол қойылды

Auezov University және «ЭкоФарм Интернейшнл» ЖШС, «Шымкентцемент» ЖШС, «Шымкент химиялық компаниясы» ЖШС арасында ғылым мен өндіріс саласындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған серіктестік туралы меморандумдарға қол қою рәсімі өтті.

В Шымкенте прошла республиканская конференция, посвященная памяти академика Шахмардана Есенова



Местом проведения масштабного научно-практического форума стала гостиница Rixos Khadisha Shymkent. Конференция объединила представителей государственных органов, научных организаций, инженерного сообщества, нефтегазовых и геологоразведочных компаний, а также веду-

щих ученых и специалистов отрасли. Проведение такого мероприятия именно в Шымкенте подчеркивает возрастающую роль южного региона Казахстана в развитии науки, промышленности, инженерного образования и технологических инициатив.

Главная цель конференции — не только почтить память

Шахмардана Есеновича Есенова, но и обсудить ключевые направления будущего казахстанской геологии и геологоразведки. Его имя по праву занимает особое место в истории отечественной науки. Ш. Е. Есенов принадлежал к тому поколению казахстанских ученых и государственных деятелей, которые зало-

жили фундамент современной геологической школы, внесли огромный вклад в изучение недр страны и развитие минерально-сырьевой базы Казахстана.

Пленарное заседание конференции прошло в зале Grand Ballroom. В программе были предусмотрены приветственные выступления, научные доклады, показ документального фильма о жизни и деятельности Шахмардана Есенова, а также обсуждение перспектив геологоразведки, нефтегазовой отрасли и новых технологий освоения недр. Согласно программе, председательствующим выступил Карабалин

Узакбай Сулейменович, доктор технических наук, Қазақстанның Еңбек Ері, председатель совета РОО «ОВНК». С приветственным словом также выступил Сейтжанов Серикжан, доктор технических наук, президент ТОО «САУТС-ОЙЛ».

Особую значимость мероприятию придало участие видных государственных, общественных и научных деятелей. В числе приглашенных участников программы обозначены советник Президента Республики Казахстан Магзум Маратович Мирзагалиев, государственный и политический деятель Республики Казахстан Ахметжан Смагулович Есимов,

Особую значимость мероприятию придало участие видных государственных, общественных и научных деятелей. В числе приглашенных участников программы обозначены советник Президента Республики Казахстан Магзум Маратович Мирзагалиев, государственный и политический деятель Республики Казахстан Ахметжан Смагулович Есимов,

Особую значимость мероприятию придало участие видных государственных, общественных и научных деятелей. В числе приглашенных участников программы обозначены советник Президента Республики Казахстан Магзум Маратович Мирзагалиев, государственный и политический деятель Республики Казахстан Ахметжан Смагулович Есимов,



аким города Шымкент Габит Абдимажитович Сыздыкбеков, аким Туркестанской области Нуралхан Оралбаевич Кушеров, вице-министр энергетики Республики Казахстан Ерлан Есеналиевич Акбаров, председатель Ассоциации KAZENERGY Болат Уралович Акчулаков, представители Национальной академии наук, геологических институтов, нефтегазовых компаний и профессиональных объединений.

Одним из трогательных и содержательных моментов пленарного заседания стало выступление Есенова Максутбека Шахмардановича — инженера-металлурга, кандидата технических наук, обладателя государственных наград, кавалера орденов «Құрмет» и «Парасат». Его участие подчеркнуло неразрывную связь между научным наследием Шахмардана Есеновича и современной задачей воспитания нового поколения ученых, инженеров и исследователей.

В рамках пленарного заседания особое внимание было уделено перспективам освоения сланцевой нефти в Казахстане. Эта тема сегодня приобретает стратегическое значение. Если ранее сланцевая нефть ассоциировалась прежде всего с опытом США и Китая, где разви-

сообщалось, что Казахстан планирует приступить к добыче сланцевой нефти, а утвержденные геологические запасы в Южно-Торгайском бассейне оцениваются в 56,4 млн тонн.

Именно поэтому доклады, посвященные сланцевой нефти, стали одной из центральных содержательных линий конференции. Президент Инженерной академии наук Республики Казахстан Бакытжан Турсынович Жумагулов выступил с приветственным словом и докладом о перспективах добычи сланцевой нефти в Казахстане. Вице-президент по геологии и разработке месторождений ТОО «САУТС-ОЙЛ» Шайхан Кайратович Мухаметрахимов представил доклад «Сланцевая нефть, вызовы и решения». Президент компании Carrie Technology Holding Limited Dr. Renqi Jiang, PhD выступил с докладом о прогрессе и потенциале разведки и разработки сланцевой нефти на контрактной территории ТОО «САУТС-ОЙЛ».

В этом контексте конференция приобрела не только научное, но и стратегическое значение. Речь идет о новом этапе развития отечественной геологоразведки, где Казахстан начинает осваивать направления, ранее характерные для ведущих мировых не-

фтяных держав. Как показывает опыт США и Китая, развитие сланцевых ресурсов требует не только наличия запасов, но и сильной инженерной школы, современных технологий бурения, геомоделирования, оценки коллекторов, экологического сопровождения и подготовки высококвалифицированных кадров. Для Казахстана это открывает новое поле научных исследований и производственных решений.

Научно-исторический блок конференции был посвящен личности и наследию Шахмардана Есеновича Есенова. Доктор геолого-минералогических наук, академик НАН Республики Казахстан Элеонора Юсуповна Сейтмуратова представила доклад «Ш. Е. Есенов — яркий представитель звездного поколения геологов Казахстана». Представитель фонда имени Шахмардана Есенова Ирина Федоровна Грищенко выступила с докладом «Поддерживая мечты, создавая возможности: история и достижения фонда имени Шахмардана Есенова». Эти выступления напомнили участникам, что развитие науки невозможно без преемственности, поддержки талантливой молодежи и сохранения памяти о выдающихся личностях, определивших путь национальной науки.

После завершения пленарной части работа конференции продолжилась в формате секционных заседаний. Были организованы три тематические секции, охватывающие широкий спектр актуальных вопросов геологии, геологоразведки, нефтегазовой отрасли, цифровизации и современных технологий освоения полезных ископаемых.

Первая секция, прошедшая в зале Абай, была посвящена актуальным проблемам поиска, разведки и разработки месторождений углеводородного сырья в Казахстане. В рамках секции обсуждались пути освоения битуминозных пород и природных битумов, институциональная архитектура новой геологоразведки, рифтовая тектоника Южно-Торгайского бассейна, нефтегазогенерационный потенциал мезозойских отложений Арыскупского прогиба, применение ГИС-моделей, полимерное заводнение, современные сейсморазведочные исследования, а также формирование гелиево-газоносных систем Шу-Сарысуской впадины.



Вторая секция, состоявшаяся в зале Кажымукан, была посвящена геологии, тектонике и металлогении Казахстана. Участники рассмотрели вопросы глубинного строения и перспектив нефтегазоносности Северо-Торгайского бассейна, роли карбонатов фамена-карбона в геологоразведке углеводородов, сейсмической геоморфологии, определения палеотемпературы горных пород, металлогении позднепале-



зойских вулcano-плутонических поясов Жонгаро-Балхашской складчатой системы, а также применения машинного обучения и геохимических подходов в геомоделировании.

Третья секция, прошедшая в зале Курмангазы, была посвящена современным способам, методикам и технологиям поиска, разведки и разработки месторождений полезных ископаемых. В докладах были затронуты вопросы рационального освоения нефтяных и газовых скважин, внедрения технологий разведки битумосодержащих пород, применения субатомных технологий, цифрового моделирования фильтрации, горизонтального бурения, проектирования гидроразрыва пласта, а также разработки полимерных покрытий серных карт.

Широта тематики конференции показала, что современная геологоразведка Казахстана вступает в период глубокого обновления. Сегодня отрасль нуждается не только в традиционных геологических подходах, но и в интеграции цифровых технологий, машинного обучения, геоинформационных систем, современных методов сейсморазведки, лабораторного моделирования, новых материалов и инновационных инженерных решений. Особенно важно, что эти вопросы обсуждаются не изолированно, а в тесной связи с производственными задачами, энергетической безопасностью и подготовкой кадров.

Проведение конференции, посвященной памяти Шахмардана Есенова, имеет большое воспитательное и общественное значение. Его жизненный путь является примером служения науке, государству и обществу. Он был не только выдающимся ученым-геологом, но и человеком, который понимал стратегическую роль недр, науки и образования в развитии


страны. Именно поэтому обращение к его наследию в канун 100-летнего юбилея приобретает особый смысл на фоне новых вызовов, стоящих перед геологоразведочной отраслью.

Сегодня, когда Казахстан начинает формировать собственные подходы к освоению сланцевой нефти и других сложных ресурсов, наследие академика Есенова получает современное продолжение. Его научная школа, государственное мышление и вклад в развитие геологии становятся ориентиром для нового поколения специалистов, которым предстоит работать с более сложными месторождениями, новыми технологиями и высокими требованиями к экологической и производственной ответственности.

Таким образом, республиканская научно-практическая конференция в Шымкенте стала не только памятным мероприятием, посвященным 100-летию Шахмардана Есеновича Есенова, но и важной площадкой для обсуждения будущего казахстанской геологоразведки. Особый акцент на сланцевой нефти показывает, что страна выходит на новый этап освоения минерально-сырьевой базы, сопоставимый с мировыми технологическими трендами, реализуемыми в США и Китае. Итоги конференции будут способствовать укреплению научных связей, развитию инженерной мысли, внедрению инноваций и формированию новых стратегических подходов в сфере геологии, недропользования и энергетической безопасности Казахстана.

Ученый секретарь Южно-Казахстанского филиала Национальной инженерной академии Республики Казахстан, Ph.D., ассоциированный профессор НАЗАРБЕК.У.Б.

Международная научно-практическая конференция «Химия 2026 – основа устойчивого развития науки и производств»



На базе ЮКУ имени М. Ауэзова состоялась международная научно-практическая конференция «Химия 2026 – основа устойчивого развития науки и производств».

Работа конференции проводилась по следующим секциям:

- Фундаментальные и прикладные аспекты современной химии;
- Инновационные технологии неорганических веществ и материалов;
- Органический синтез, нефтехимия и технологии органических веществ;
- Фармацевтическая инженерия и биотехнологические процессы;
- Экология, зелёная химия и устойчивое развитие химических производств;
- Силикатные, металлургические и композиционные материалы;
- Нефтегазовые технологии и химические процессы переработки сырья;
- Педагогическая химия и современные тренды химического образования.

К участию в работе конференции были приглашены профессора и преподаватели, ученые вузов и научно-исследовательских институтов Республики Казахстан и зарубежных стран, имеющие значимые результаты научных исследований по тематике конференции. В рамках конференции состоится выставка проектов молодых ученых.

В качестве почетных гостей конференции приглашены академик, доктор технических наук, профессор Мулдахметов З.М. (г. Караганда) и д.т.н., профессор Наурызбаев М.К. (г. Алматы). Каждый из приглашенных гостей внесли важ-

ный вклад в историю г. Шымкента и одного из крупных вузов нашего города.

Каждый из них: Мулдахметов З.М. и Наурызбаев М.К., возглавляли наш вуз в качестве ректора.

В 1975-1980 годы ректором КазХТИ был академик, доктор технических наук, профессор Мулдахметов З.М.



В 1988-1991 годы ректором КазХТИ был лауреат Государственной премии РК, доктор технических наук, профессор Наурызбаев М.К.



Ниже, более подробно расскажем о деятельности Мулдахметов З.М. и Наурызбаев М.К.

Профессор Мулдахметов З.М. работая ректором заведовал кафедрой Физическая и коллоидная химия. Профессор Наурызбаев М.К. работая ректором возглавлял кафедру Аналитическая химия.

Кафедра «Химии» в университете была организована в 1949 году. Богатая и долгая история кафедры имеет много имен и событий.

Кафедра располагалась на 3 этаже главного корпуса, ее называли все уважительно кафедрой ректора, так как (в 1975-1980 гг.) 5 лет кафедру возглавлял и одновременно являлся ректором КазХТИ академик НАН РК Мулдахметов З.М. На 2 этаже главного корпуса, прямо под кафедрой находилась большая лаборатория физико-химических методов анализа.

Старшим поколением на кафедре считались доценты Сироко И.П., Есжанов С.Е. и Танатарова Ш.Б. Среднее поколение эти старшие преподаватели кандидаты наук Имангалиев Т.А., Абдраманова А.А., Беляева Н.С.

Преподаватели кафедры работали Утельбаев Б.Т., Кобланова О.Н., Комекбаева Б.А., Джакипбекова Н.О., Кыбраева Н.С.

В группах обучалось 20-25 студентов, 1 лекционный поток состоял из 5 групп (100 человек и более) 3 основных лекционных потоков по физической химии вели Камысбаев Д.Х. (ХТНВ) Танатаров Ш.Б. (ХТОВ) и Сироко И.П. (технология силикатов). Материалы лекций, лабораторных и практических были ориентированы на специальность будущих инженеров технологов. Коллоидную химию преподавали 2 специалиста Есжанов С.Е. и Беляева Н.С. (они тоже вели занятия на потоках по направлениям и специальности).

Подготовка лабораторных работ проводилась по разделам. Готовили установки и методические лабораторные работы по электрохимии Имангалиев Т.А., Абдраманова А.А. (ученики Журинова М.Ж.). Лабораторные работы по коллоидной химии готовили Сироко И.П. и Есжанов С.Е. (ученик Круглицкого Н. и Карибаева С.). Лабораторные по кинетике и катализу готовил Утельбаев Б.Т. (направление Сокольского Д.В.). Лабораторные работы по разделу термохимия – готовила Кобланова О.Н. На заседаниях кафедры мы обсуждали результаты посещения занятий по химии ВКК (внутрикафедральный контроль). Молодые преподаватели принимали экзамены у студентов рядом с опытными доцентами и набирались педагогического опыта и мастерства. Все молодые преподаватели сидели на лекциях у старших и опытных доцентов и конспекта работы материал.

Старшее поколение преподавателей – Ида Петровна Сироко, Шолпан Бейсенгалиевна Танатарова, Сейлхары Есжанович Есжанов, Кобланова Онгаркуль – много рассказывали нам о периоде, когда кафедрой заведовал Зейнулла Мулдахметович Мулдахметов. Его кабинет ректора располагался на втором этаже, в центральной части главного корпуса, в правом крыле располагалась лаборатория физико-химических методов анализа (руководил ею Маженов Н.). Сотрудниками лаборатории были Маженовы Клара и Нурлан, Кобланова Онгаркуль, Даушеев Женис, Тойчиев Бахтияр, Койшибаев Сарсенбек. Лаборатория занималась исследованием фосфорной шихты.

На третьем этаже, в правом крыле, располагалась кафедра физической химии, которой он заведовал, отдельно располагался кабинет заведующего.

Надо отметить, что профессор Мулдахметов З.М. привел с собой целую плеяду талантливых химиков, которые внесли свой вклад в развитие теоретической и фундаментальной химии. Это раздел – строение вещества. Само название дисциплины «Физическая химия» говорит о том, что это научное направление на стыке физики и химии.

На кафедре имелись две специализированные лаборатории по физической химии. Первое, что

видели студенты, когда входили в аудиторию, – это огромные плакаты с интегралами и дифференциалами, которые висели в проемах между окнами. Студенты осваивали законы физической химии, используя математический аппарат и математические расчеты.

Самый сложный раздел в физической химии – это строение вещества и термодинамические расчеты. З.М. Мулдахметов этот раздел физической химии расширил и углубил в плане преподавания самой дисциплины, а также объема часов.

Он, будучи ректором, одновременно заведовал кафедрой – каждый месяц, в четверг, он проводил заседания кафедры. Заседания кафедры готовили заранее по плану методической и научной работы. Заседания кафедры с участием ректора в основном посвящали учебному процессу и подготовке новых лабораторных работ. Ректор внимательно слушал, о чем говорили преподаватели, затем принимал решение.

Отдельно ставились на заседании кафедры вопросы обучения на вечернем и заочном отделениях. Тогда на кафедре проходили обучение две группы силикатчиков и цементников из Киргизии и две группы студентов из Темиртау. Интернета не было, и студентам-заочникам доставляло определенные трудности выполнение контрольных заданий и отправление их почтой в институт.

На заседаниях кафедры преподаватели предложили отправлять преподавателей непосредственно на заводы в Киргизию и Темиртау для проведения итоговых занятий и приема зачетов. Ректор поддержал эту идею. Ее рассмотрели на заседании ученого совета вуза, и все общеобразовательные кафедры (физика, химия, математика) ездили принимать задания и зачеты непосредственно на заводы (в Киргизию, г. Темиртау).

Кроме заседаний кафедры, ректор обычно посреди недели приходил в преподавательскую комнату, в которой сидели Есжанов С.Е., Кобланова О.Н., Имангалиев Т.А., и туда приходили другие преподаватели – Сироко И.П., Комекбаева Б.А., Танатарова Ш.Б. Вместе обсуждали проблемы кафедры, а ректор слушал и делал себе пометки.

Физическую химию для факультета ТНВ преподавал лектор, доцент Камысбаев Д.Х., физическую химию для силикатчиков читала доцент Сироко И.П., физическую химию для факультета ХТОВ преподавала доцент Танатарова Ш.Б.

Самый сложный раздел в физической химии – строение вещества (направление Мулдахметова З.М.) – студенты проходили не только во время лекций, но и во время проведения практических занятий. Задачи решали на доске, расписывали мелом, полное решение уравнения могло достигать 22 или 23 интегралов. В аудитории на практическом занятии сидели 25 студентов, и требовалось сосредоточить их внимание, чтобы они не упустили нить решения задачи.

Большое количество коллоквиумов, многовариантных задач и практических занятий объяснялось тем, что мы готовили студентов к освоению более сложных дисциплин – ОХТ и ПАХТ, а далее – к подготовке дипломной работы. Этим инженерная химия (физическая, коллоидная, аналитическая) отличалась от той, которую преподавали в школе (неорганическая и органическая).

Прикладное значение теоретических исследований, которые проводились на кафедре, выполнялось в лаборатории физико-химических исследований, которая располагалась на втором этаже. Хозяйственные договоры выполняли Камысбаев Д.Х. и Имангалиев Т.А. Научно-исследовательская работа проводилась с московскими вузами и НИИ.

В 1993 и в 2003 году академик Мулдахметов З.М. приезжал на юбилей университета – 50-летие и 60-летие. Он приходил к нам на кафедру, наши старожилы – Танатарова Ш.Б., Есжанов С.Е., Имангалиев Т.А., Сироко И.П. – рассказывали ему, что нового происходит на кафедре, какие произошли изменения, и он обязательно спускался на второй этаж и интересовался делами лаборатории физико-химических методов анализа. В 2003 году сделал замечание нашим преподавателям, что не купили нового оборудования для научной лаборатории.

М.К. Наурызбаев стал ректором нашего университета в 1988 году по результатам выборов на альтернативной основе. В выборах ректора участвовали два кандидата (один из Москвы – декан факультета МХТИ, и второй – из Алматы, профессор Наурызбаев М.К.). Председателем предвыборного штаба кандидата Наурызбаева М.К. являлся академик Оразалы Балабеков. Кандидатура Наурызбаева М.К. получила большинство голосов преподавателей и сотрудников университета. Наурызбаев М.К. в течение трех лет, 1988–1991 гг., являлся ректором вуза.


М.К. Наурызбаев приезжал на юбилей университета в 2018 году. В корпусе А на кафедре ХТНВ была открыта аудитория имени Наурызбаева М.К. В 2011–2015 годы Наурызбаев М.К. в качестве члена диссертационного совета приезжал на защиты докторантов.

Каждое последнее воскресенье мая в республике отмечается День химика.

Международная научно-практическая конференция «Химия-2026 – основа устойчивого развития науки и производства» будет посвящена обсуждению значимых результатов научных исследований в области химии и химической промышленности.

Хочется пожелать почетным гостям конференции, профессорам Мулдахметову З.М. и Наурызбаеву М.К., крепкого здоровья, творческих успехов и благополучия в доме. Участникам конференции и коллективу кафедры «Химия и фармацевтическая инженерия» – хорошей творческой атмосферы, хороших докладов и презентаций на секциях, успехов в подготовке инженерных кадров и новых достижений в науке.

Лауреат Государственной премии РК, доктор технических наук, профессор кафедры Химия и фармацевтическая инженерия ДЖАКИПБЕКОВА Н.О.





Талапкерлердің құжатын қабылдау науқаны қарқынды жүріп жатыр

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 2026–2027 оқу жылына талапкерлердің құжаттарын қабылдауды ресми түрде бастады. Дәстүрлі қабылдау науқанының алғашқы күні университет қабырғасында ерекше қарқынмен өтіп, талапкерлер мен олардың ата-аналарына жан-жақты ақпараттық қолдау көрсетілді.

Қабылдау комиссиясының алғашқы жұмыс күніне университеттің Басқарма төрағасы – ректордың міндетін уақытша атқарушы Ғани Бесбаев пен Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ернар Иманғалиев арнайы қатысып, комиссия жұмысының ұйымдастырылу деңгейімен танысты. Олар қабылдау комиссиясы қызметкерлеріне жауапты жұмыста табыс тілеп, талапкерлерге жаңа білім жолындағы қадамдарына сәттілік пен ақ жол тіледі.

Биыл университет талапкерлерге барынша қолайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөлді. Қабылдау процесі жаңартылып, қызмет көрсету сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Соның нәтижесінде электронды кезек жүйесі іске қосылып, құжат қабылдау рәсімі бұрынғыдан да тиімді, жылдам әрі ыңғайлы ұйымдастырылды.

Қабылдау комиссиясының жұмысына 70-тен астам қызметкер жұмылдырылған. Олар талапкерлерге мамандық таңдау, құжаттарды рәсімдеу, білім беру бағдарламалары мен





Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін барлық қажетті жағдай қарастырылған:

- ✓ 3 қызмет көрсету залы
- ✓ 300 орындық кең күту залы
- ✓ 1 кеңес беру залы
- ✓ 1 өзіне-өзі қызмет көрсету залы

🕒 Қабылдау комиссиясының жұмыс уақыты:

Күн сайын сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін

☎ Байланыс телефоны: 8 (7252) 30 02 62

📱 WhatsApp: +7 747 275 75 00

Құрметті талапкерлер! Құжаттар қабылдау үшін біз Сіздерді М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың В ғимаратында күтеміз!

Болашақ мамандығыңызды таңдап, сапалы білім алуға алғашқы қадамды бүгіннен бастаңыз!



Талапкер-2026 күнтізбесі шықты!

Талапкер, маңызды күндерді сақтап ал, қабылдау кезеңдерін біле жүр!



2026 жылы ОҚУҒА ТҮСУШІНІҢ КҮНТІЗБЕСІ

БАКАЛАВРИАТ



📅	20.06.2026 – 25.08.2026	Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім негізінде түсушілерден өтініштер мен құжаттарды қабылдау, кеңес беру
📄	1. 20.06.2026 – 06.07.2026 (грант) 2. 22.07.2026 – 10.08.2026 (ақылы)	Шығармашылық емтихандарға өтініш қабылдау
👥	1. 07.07.2026 – 15.07.2026 (грант) 2. 10.08.2026 – 15.08.2026 (ақылы)	Шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімі
🏆	13.07.2026 – 20.07.2026	Мемлекеттік білім беру гранты конкурсына өтініштер қабылдау
📊	10.08.2026 дейін	Конкурс нәтижесі
📄	25.07.2026 – 05.08.2026	Тамыз ҰБТ-ға тіркелу
📄	10.08.2026 – 20.08.2026	Тамыз ҰБТ мерзімі
👤	20.06.2026 – 20.08.2026	Арнаулы емтихан
🎓	20.06.2026 – 25.08.2026	Бакалавриат білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау



АДАЛДЫҚ, САПАЛЫ БІЛІМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ



2026 жылы ОҚУҒА ТҮСУШІНІҢ КҮНТІЗБЕСІ

МАГИСТРАТУРА

📅	01.06.2026 – 08.07.2026	Кешенді тестілеуге тіркелу
🎨	16.07.2026 – 25.07.2026	Шығармашылық емтихандар мерзімі
📄	20.07.2026 – 10.08.2026	Кешенді тестілеу
🏆	12.08.2026 – 15.08.2026	Мемлекеттік білім беру гранты конкурсына қатысу
🎓	15.08.2026 – 28.08.2026	Магистратура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау

ДОКТОРАНТУРА

📄	03.07.2026 – 03.08.2026	Өтініштерді қабылдау
📄	08.08.2026	Докторантураға қосымша тестілеу мерзімі
📄	04.08.2026 – 20.08.2026	Докторантураға түсу емтихандары мерзімі
🎓	15.08.2026 – 28.08.2026	Докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау



АДАЛДЫҚ, САПАЛЫ БІЛІМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ



Мамандық таңдау – өмірлік маңызды қадам

Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандық жәй нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақ ол бүкіл ғұмырымыздың айнасы. Өз қалауыңмен таңдалған мамандық бойынша жұмыс жасау қызығушылықты арттырады, өзің қалаған мамандық болған соң үлкен шығармашылықпен бар өміріңді арнайсың. Мамандықты дұрыс таңдап қоғамда орнын таба білуде оңай емес. Барлық мамандық маңызды. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Болашақ мамандығыңыздан не күтесіз, көп нәрсе осыған да байланысты. Мамандық таңдау тек оқып, диплом алу ғана емес, өз өмір жолыңды дұрыс таңдау. Кез келген мамандықтың өзіндік ерекшеліктері мен талаптары болады. Мамандық таңдау уақыт пен түсінікті қажет етеді. Әрбір адамның өміріндегі маңызды сәт.

Мамандық - бұл сенің кім екеніңді танытатын, ішкі болмысыңды көрсететін құрал. «Еңбегіңмен еленген -елінің

сүйіктісі» деген сөз бар. Яғни, бұл -үлкен абырой.

Қорыта айтатын болсақ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан

Университетінің колледжі нарықта ең сұранысқа ие өзекті мамандықтарды даярлайды. Техникалық және кәсіби білім беру -еліміздің білім саласындағы маңызды салалардың бірі. Бүгінде біз жұмыс жасайтын осы аталған колледжде 15 білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланады, дуальды оқыту жүйесі дамыған.

01140500 - «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы осы сала бойынша оқытушылық білімімізді ынталы, білімді, білікті ұстаздар, жаттықтырушылар дайындауға арнап келеміз. Қазіргі таңда кәсіби бағыт бағдар беру, түсіндіру жұмыстары нақты, айқын жүргізіледі. Жастарымызға болашақ мамандығын таңдауға жауапкершілікпен қарауға. Ал оқу орнымыз табысты білім, еңбек нарығындағы білімі мен біліктілігі бағаланатын білікті маман болуға мүм-



кіндік береді. Аталған оқу орнымыздың жетістіктері өте көп десекте болады. Мамандығымызды мақтан етеміз.

Ең бастысы жүрегің қалаған жолды, мамандықты таңдауда қорықпа -болашақ мамандық иесі.

**АЛИБАЕВ Қ.,
ТИМУРҰЛЫ Р.,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ колледжінің
дене шынықтыру пәні
оқытушылары**



Конституциялық құндылықтарды дәріптеудегі «Тұлға дамыту және ҚХА» орталығының рөлі

Конституцияда бекітілген қоғамдық келісім, ұлттық бірлік, заң үстемдігі, азаматтық жауапкершілік және қазақстандық патриотизм құндылықтарын насихаттау бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Орталық жоғары мектептер мен факультеттерге әдістемелік көмек көрсетіп, студент жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған көптеген іс-шараларды жүзеге асырды.



Оқу жылы барысында халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, республикалық дөңгелек үстелдер, форумдар, семинар-тренингтер және тәрбиелік кездесулер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Рухани келісім – халықтар бірлігіне бастар жол», «Ұлтаралық татулық пен ынтымақтастық – негізгі құндылық», «Жаңа Қазақстан – жаңару мен бірлік жолы», «Медиация – татулық тірегі», «Мемлекеттік Рәміздер – Елдіктің белгісі» сияқты іс-шаралар жастар арасында қоғамдық келісім мен өзара құрмет мәдениетін нығайтуға ықпал етті.

Конституцияның басты қағидаттарының бірі – адам құқықтарын құр-

меттеу мен заң алдындағы теңдік. Айта кету керек орталықтың бастамасымен университетте Аналар кеңесі құрылып жүйелі жұмыс істеді. Қазіргі заман ерекшеліктері мен Еліміздің тарихын ұштастыра білген Аналар кеңесі Наурыз мейрамында «Кимешекті Аналар» шеруін өткізді. Осы бағытта университетте «Әйелге құрмет – қоғамның даму деңгейінің көрсеткіші», «Жоғары оқу орны: қауіпсіз аймақ», «Қыз өссе елдің көркі» және «Лудомания – ХХІ ғасырдың әлеуметтік дерті» тақырыптарында тәрбиелік және құқықтық іс-шаралар өткізіліп, студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, Республика күні, Алғыс айту күні, Қазақстан халқының бірлігі күні, Наурыз мерекесі, ұлттық мерекелер аясында ұйымдастырылған іс-шаралар жастардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырып, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырды. Бұл жұмыстар Конституцияда көрсетілген қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталды.

Жас мамандар Конституцияда бекітілген құқықтар мен міндеттерді басшылыққа ала отырып, мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық бірлікті нығайтуға өз үлестерін қосады.

Осылайша, «Тұлға дамыту және ҚХА» орталығының 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмыстары жастар арасында Конституциялық құндылықтарды дәріптеуге, азаматтық жауапкершілікті нығайтуға және ел болашағына қызмет ететін саналы ұрпақты тәрбиелеуге бағытталды деп толық айта аламыз.

Г.ЖАНЫСБЕКОВА,
«Тұлға дамыту және ҚХА»
орталығының басшысы,
тарих ф.к.



Еуропада білім алып, тәжірибе жинаған жастар

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары білім алушыларға шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып, ғылыми зерттеулер жүргізуге, халықаралық тәжірибе жинақтауға және өзге елдердің мәдениетімен танысуға жол ашады. Сонымен қатар, студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, әлемдік білім беру кеңістігіне еркін кірігуіне ықпал етеді.



Үш айға созылған зерттеу кезеңі барысында Гранада университетінің инфрақұрылымымен таныстым. Әсіресе, зерттеу инфрақұрылымы таңқалдырмай қоймады. Таңғы 8:30-дан кешкі 20:30-ға дейін жұмыс жасайтын кітапханада білім алушыларға ыңғайлы жағдайдың барлығы жасалған. Материалдық база өте кең. Үлкен ғылыми еңбектер қоры және онлайн ресурстарға кең қолжетімділік зерттеу жұмыстарына үлкен серпін береді,-дейді Аймерен.

Ал Филология факультетінің студенті Айшуақ Қадыр академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы Польшаның Лодзь қаласындағы Лодзь университетінде бір семестр білім алды. Мемлекеттік грант иегері ретінде бағдарламаға қатысып, толық қаржыландырылатын грантқа ие болған студент бұл тәжірибенің өз өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі болғанын атап өтті.

Шетелдік университеттегі оқу барысында ол заманауи білім беру әдістерімен танысып, халықаралық ортада білім алу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, түрлі мемлекеттерден келген студенттермен достық қарым-қатынас орнатып, мәдени алмасудың белсенді қатысушысына айналды. Бағдарлама аясында Еуропаның бірнеше еліне са-



яхат жасап, олардың тарихы мен мәдениетін жақыннан тануға мүмкіндік алды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы маған тек білім емес, саяхат жасау мүмкіндігін де сыйлады. Мен Еуропаның бірнеше мемлекетіне саяхаттап, әртүрлі мәдениеттермен таныстым. Әр елдің өзіндік атмосферасы, тарихы мен архитектурасы ерекше әсер қалдырды,-дейді Айшуақ.

Білім алушылардың пікірінше, академиялық ұтқырлық бағдарламасы кәсіби білімді жетілдіріп қана қоймай, тұлғалық дамуға, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға және болашаққа деген сенімділікті арттыруға ықпал етеді. Сондықтан студенттер осындай халықаралық білім алу мүмкіндігін ұсынып, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасаған университетке шынайы алғыстарын білдіреді.

тарында «Экономика» білім беру бағдарламасының 3-курс докторанты Бекмырза Аймерен Жұмағалиқызы мен Филология факультетінің ФИ-24-3к1 тобының студенті Айшуақ Қадыр да бар.

Аймерен Бекмырза 2025–2026 оқу жылының күзгі семестрінде Erasmus+ бағдарламасы аясында Испанияның Гранада қаласындағы Гранада университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысты. Еуропалық Одақтың гранттық қаржыландыруы негізінде жүзеге асқан бағдарлама барысында ол Гранада университетінің Экономика және бизнес факультетіндегі Қолданбалы экономика кафедрасының ғалымдарымен бірлесіп, диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша ғылыми ізденістер жүргізді.

Тарихы 1531 жылдан бастау алатын Гранада университеті Испанияның ең көне әрі беделді жоғары оқу орындарының бірі болып саналады. Докторант ғылыми зерттеу кезеңінде университеттің заманауи инфрақұрылымымен, ғылыми кітапханаларымен және зерттеу орталықтарымен танысып, халықаралық академиялық ортада жұмыс істеудің құнды тәжірибесін жинақтады. Оның айтуынша, Erasmus+ бағдарламасы еуропалық білім беру жүйесін тереңірек танып, ғылыми әлеуетті дамытуға және дүниетанымды кеңейтуге зор мүмкіндік береді.



Дезов университетінде де академиялық ұтқырлық бағдарламалары табысты жүзеге асырылып келеді. Жыл сайын көптеген студенттер мен докторанттар әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында білім алып, ғылыми тағылымдамалардан өтуде. Нәтижесінде олар халықаралық тәжірибе жинақтап қана қоймай, өздерінің кәсіби біліктілігін арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда.

Осындай мүмкіндікті тиімді пайдаланған білім алушылардың қа-

«Болашақ» бағдарламасының жаңа мүмкіндіктері таныстырылды



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасы мен ғылыми тағылымдамалар аясында отандық ғалымдарға көрсетілетін қолдау шараларын түсіндіруге арналған ақпараттық кездесу өтті. Іс-шараға «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ төрағасының орынбасары Қайсар Еркінбаев арнайы қатысып, профессор-оқытушылар құрамымен, жас ғалымдармен, магистранттар және докторанттармен кездесті.



Кездесуді университеттің Басқарма мүшесі – бірінші проректоры Құрманғали Сарықұлов ашып, халықаралық білім беру бағдарламаларының ғылым мен жоғары білімді дамытудағы маңызын атап өтті.

Іс-шараны ұйымдастырған «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ – 2005 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі құрған ұйым. Орталық халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын әкімшілендіру арқылы еліміздің ғылым және білім саласының дамуына үлес қосып келеді. Бүгінде мекеме «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасын, ғылыми тағылымдамаларды, үкіметаралық гранттарды, сондай-ақ Венгрия, Қытай, Словакия, Польша және басқа да елдермен бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Сонымен қатар шетелдік студенттерді тартуға бағытталған Study in Kazakhstan жобасын үйлестіреді.

14 мыңнан астам маман даярланған

Кездесу барысында Қайсар Еркінбаев «Болашақ» халықаралық бағдарламасының нәтижелері мен даму бағыттарына тоқталды. Оның айтуынша, бүгінгі күнге дейін бағдарлама аясында 14 мыңнан астам қазақстандық әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында білім алып, кәсіби тәжірибе жинақтаған.

Сондай-ақ бағдарламаға енгізілген соңғы өзгерістер таныстырылды. Атап айтқанда, үміткер-

лер үшін кепілдік қамтамасыз ету тетіктері жеңілдетіліп, жылжымайтын мүлікті кепілге қою талабы алынып тасталған. Бұл өзгеріс бағдарламаға қатысуға ниетті жастар мен мамандар үшін қолжетімділікті арттырмақ. Сонымен қатар конкурсқа қатысу талаптары, қатысушылардың санаты, іріктеу кезеңдері, үміткерлерге қойылатын негізгі критерийлер және құжаттарды рәсімдеу тәртібін егжей-тегжейлі айтып берді.

Құжат қабылдау басталды

«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттарды қабылдау 16 наурызда басталып, 16 қазанға дейін жалғасады. Конкурстық іріктеу 2026 жылғы 13 сәуір мен 31 желтоқсан аралығында өтеді.

Үміткерлер құжаттарын eGov порталы арқылы онлайн тапсыра алады.

Биыл бағдарлама бойынша жалпы саны 635 стипендия бөлінді. Оның ішінде:

бакалавриатқа – 20;
магистратураға – 400;
докторантураға – 50;
кәсіби тағылымдамаларға – 165 стипендия қарастырылған.

Бағдарламадағы жаңа бағыттар

2026 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасына бірқатар жаңашылдық енгізілді. Соның ішінде халықаралық олимпиадалар мен ғылыми

жобалар конкурстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне арналған «бакалавриат» санаты ашылды.

Сонымен бірге атом энергетикасы саласы үшін жеке бағыт іске қосылып, «Жасанды интеллект» бағыты бойынша кәсіби тағылымдамаларға арнайы санат бөлінді.

Бағдарлама бакалавриат, магистратура, резидентура және докторантура деңгейлері бойынша білім алуға мүмкіндік береді. Ал ауылдық жерлерден шыққан үміткерлерге, инженерлік-техникалық және медицина қызметкерлеріне, мемлекеттік қызметшілерге тілдік даярлық курстары ұсынылады.

Ғалымдарға арналған 250 стипендия

Кездесуде ғылыми тағылымдамалар бағдарламасының мүмкіндіктері де кеңінен түсіндірілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан бұл бағдарлама қазақстандық ғалымдардың әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тәжірибе жинақтауына бағытталған.

2026 жылы ғылыми тағылымдамалар бойынша 250 стипендия бөлінді.

Бағдарламаға инженерлік-техникалық қызметкерлер, агроөнеркәсіптік кешен мамандары, атом өнеркәсібі қызметкерлері, педагогтер, медицина қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, БАҚ өкілдері, мәдениет, туризм және спорт саласының мамандары, сондай-ақ сот жүйесінің қызметкерлері қатыса алады.

Ғылыми тағылымдамаларға құжат қабылдау 16 наурызда басталып, 30 қазанға дейін жалғасады. Өтінімдер eGov порталы арқылы және «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ кеңсесінде қабылданады.

Мемлекет барлық негізгі шығындарды өтейді

«Болашақ» және ғылыми тағылымдамалар бағдарламалары аясында мемлекет оқу ақысын, тағылымдамалар өту шығындарын, халықаралық жол жүруді, медициналық сақтандыруды, визалық алымдарды және оқу материалдарын сатып алуға кететін шығындарды қаржыландырады. Сонымен қатар қатысушыларға ай сайын стипендия төленеді.

Кездесу соңында магистранттар мен докторанттар бағдарламаға қатысу талаптары, тілдік дайындық, стипендия мөлшері және шетелдік жоғары оқу орындарын таңдау мәселелері бойынша сұрақтар қойып, жан-жақты жауап алды.

Мұндай ақпараттық кездесулер халықаралық білім беру және ғылыми мүмкіндіктер туралы хабардарлықты арттырып, қазақстандық жастар мен ғалымдардың әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне шығуына жол ашады.

АҚПАРАТ: Үміткерлерге қойылатын талаптарды, басым мамандықтар тізбесін, университеттер мен ғылыми орталықтардың тізімін bolashak.gov.kz сайтынан көруге болады.

Әлем мойындаған Әбдуәлі Баешов

Газетіміздің осы жолғы санында таныстыратын түлегіміз – Әбдуәлі Баешов. Химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, «Құрмет» орденінің иегері, Кеңес Одағының өнертапқышы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнертапқышы.

Әбдуәлі Баешов – ҚазХТИ-дің 1969 жылғы түлегі. Мамандығы – «Электрохимиялық өндірістер технологиясы».

Саналы ғұмырының 50 жылға жуық уақытын химия, электрохимия, гидроэлектрметаллургия және экология ғылымы мен білім беру салаларына арнаған оның ғылыми жұмыстары өз елімізде ғана емес, шетелдерде, ТМД елдерінде де кеңінен белгілі.

Балалық шақ және алғашқы арман

Ғалым 1946 жылдың сәуір айында Қызылорда облысының Жаңақорған станциясында дүниеге келген. Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласындағы №2 мектеп-интернатты тәмамдаған.

Мектеп қабырғасында спорттық гимнастикамен және акробатикамен айналысып, бірінші спорттық разряд алған. Сонымен қатар музыка мектебінде баян сыныбында оқып, үрмелі оркестр құрамында трубада ойнаған, домбыра оркестрінің мүшесі болған Әбдуәлінің бала кездегі арманы радиоэлектроника маманы болу еді.

Мамандық таңдауына жоғары оқу орындарында химик мамандығын алып, Кентау қаласының орта мектептерінде ұстаздық еткен ағалары Әблах пен Пайзлах Баешовтардың, сондай-ақ ұстазы Виктор Пташниктің ықпалы зор болды.

— Біздің ауылда ол кезде қарапайым сіріңке жоқтың қасы, қыста көрші үйден шоқ сұрап жүретінбіз. Өз отымыз сөніп қалмас үшін ол

шоқты күлге көміп қоятынбыз. Кентауға келгенде ең бірінші рет жарқыраған жарықты көріп, қатты тамсанған мен мектепте де сол заманның жаңа технологияларын үйрететін үйірмелерге үйір болдым. Осылай фото және радиоүйірмеге жазылып алдым. Бала күнімнен домбыра тартатындықтан, домбыра үйірмесін де ұмыт қалдырмадым. Радио үйірмесінде 9-10 сыныпқа қарай бір және екі лампалы радиоқабылдағыштарды өзіміз жинап алатынбыз. Мұның бәрі ұстаздың біліктілігінен еді. Виктор Пташник деген ұстазымыз үйретті, одан бөлек еңбекке баулыды, - дейді өнертапқыш.

Ғалымның сөзінше, сол уақыттағы мектеп пен өндіріс арасындағы байланыс оқушыларды өндірістік мамандықтарға баулуға жол ашты.

Әбдуәлі Баешов тоғызыншы сыныпта Кентау трансформатор зауытында аптасына бір күн, оныншыда аптасына екі күн және мектеп бітіретін он біріншіде аптасына үш күн жұмыс істейтін. Балаларға зауытқа қажетті мамандықтардың бірін таңдау құқы берілгенде, ойланбастан электрмен дәнекерлеуші мамандығын ұнатты.

Мектеп бітіретін жылы әрі оқушы, әрі жұмысшы болып, зауытта жеті сағаттан жұмыс істеген. Осылайша зауыттан шығып жатқан өнімдерде өзінің де үлесі барына қуанатын. Мектеп бітіріп, аттестат алғанда электрмен дәнекерлеуші мамандығының нормасын да орындап, емтихан тапсырады. Сөйтіп арнайы куәлік алады.



ҚазХТИ-дегі студенттік жылдар

1964-1969 жылдары Қазақстан химия-технологиялық институтында білім алған. Студенттік жылдары оның кәсіби қалыптасуына электрохимиялық өндірістер технологиясы кафедрасының меңгерушісі, химия ғылымдарының кандидаты, доцент, дарынды педагог Равиль Самиевич Вахидов үлкен әсер етті. Оның жетекшілігімен Әбдуәлі Баешов үшінші курстан бастап ғылыми зерттеулермен айналысып, ғылыми конференцияларда баяндама жасады.

Үшінші курсты бітірген Әбдуәлі Өскемен қаласындағы «Қорғасын-мырыш» және «Титан-магний» металлургиялық комбинаттарында бірінен кейін бірінде өндірістік тәжірибеден өтіп, институтта оқыған «гидрометаллургия» пәні бойынша осы технологиялық процестердің теориясы мен технологияларының әрбірін сатылап көріп, білімін тиянақтауға мүмкіндік алады.

Ал институттың төртінші курсын бітіргеннен кейін Башқұртстанның Стерлитамак қаласындағы химиялық комбинаттың «Хлор цехында» өндірістік практикадан өтеді. Болашақ мамандығына қажет мәліметтерге қанығып қайтқан Баешов кафедра меңгерушісі Р.С. Вахидовтың ұсынысымен ғылыми дипломдық жұмыс істеуді жөн көріп, арнайы тақырып алады.

Ғылымға апарған алғашқы қадам

«Никель-фосфор балқымасын алу кезіндегі катод потенциалының периодты шайқала өзгеруін зерттеу» тақырыбындағы ғылыми дипломдық жұмысын жазуға кіріседі.

1969 жылғы мамыр айының аяғында жазып біткен ғылыми дипломдық жұмысын жоғары бағалаған жетекші ұстазы Р.С. Вахидов шәкіртіне институтта өтетін ғылыми конференцияда алған





тақырыбы бойынша баяндама жаса деп ұсыныс айтады.

Міне, болашақ ғалымның алғашқы ғылыми еңбегі баяндама болып оқылып, КСРО-ның «Түсті металлургия» ғылыми журналында жарияланды.

Евней Бөкетов мектебі

ҚазХТИ-ді тәмамдағаннан кейін жолдамамен Петропавл қаласындағы В.В. Куйбышев атындағы машина жасау зауытына жіберіліп, инженер-технолог болып еңбек етті.

Бір жылдан соң Қарағанды қаласындағы Қазақ КСР Ғылым академиясының Химия-металлургия институтына ауысып, академик Е.А. Бөкетовтің жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналыса бастады.

Қазақтың ұлттық ғылымындағы тау тұлғалы серкесі – техника ғылымдарының докторы,

профессор, ҚР ҰҒА академигі Евней Бөкетов жас жігіттің диплом жұмысын орындау кезінде алған ғылыми нәтижелеріне үлкен назар аударып, зерттеуін жоғары бағалайды.

Баешовтың институт зертханасында басталған ғылыми зерттеулерін тікелей өндіріс орнында, ондағы үлкейтілген зертханаларда жалғастыруға ұстазы Евней Бөкетов барынша жағдай жасап отырды.

Тынымсыз, жан-жақты зерттеулердің нәтижелерін мақалалар түрінде ғылыми журналдарда жариялап, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады. 1977 жылы кандидаттық диссертация қорғады.

Титанды еріткен тәжірибе

Ғылымға ғашық болып келген Әбдуәлі Баешов зерттеу жұмыстарын тереңдете түсті. Ашқан ғылыми жаңалықтарына қаншама патенттер алды. Алғашқы патентін 1975 жылы алған болса, одан кейінгі жылдары да көптеген табыстарға қол жеткізді.

1971-1974 жылдары аспирантурада оқып, 1977 жылы «Мысты электрорафинадау кезіндегі электродтық процестерді зерттеу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 1991 жылы «Құрамында мыс және халькоген бар материалдарды өңдеудің жаңа электрохимиялық әдістерінің ғылыми негіздерін жасау» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Солардың ішінде титан металына байланысты зерттеулерінің орны ерекше.




Әбдуәлі айналымы тоқтың реттегішін пайдаланып, қышқылды ортаға салынған екі титан электроды арқылы өндірістік айналымы ток жіберген кезде ерітінді күлгін түске бояла бастағанын көреді. Титан электродтарының салмағын өлшеу арқылы бұл металдың өте жоғары жылдамдықпен ерітіндігі анықталған.

Осылайша өмір бойы сулы ерітінділерде ерімейді деп келген титан электродтарының айналымы токпен өңдеу кезінде бөлме температурасында жоғары жылдамдықпен ерітінін көрсетіп, бұл алғаш рет бүкіл әлемге жария болады.

Осы зерттеулердің нәтижелері бойынша үш валентті титан сульфатын алу әдісіне патент алады. Артынша көп уақыт өтпестен үш валентті титан хлоридін алу әдісіне де патент алып, ғылымдағы бұл жаңалық ғалым Ә.Баешовтың беделін тіпті аспандатып жібереді.

Әбдуәлі Баешов ғылымдағы жетістіктерімен қатар білім беру және ғылыми мекемелерді басқару саласында да үлкен тәжірибе жинақтады. Әр жылдары Х.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде басшылық қызметтер атқарып, кейін Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институтында жетекшілік етті. Бүгінде электрохимиялық технологиялар зертханасының басшысы әрі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры ретінде ғылым мен білімге қызмет етіп келеді. Газетіміздің басты бетінде жазып өткен конференцияда Әбдуәлі Баешовке «М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Құрметті профессоры» атағы берілді.



Ғылымдағы дара қолтаңба

Ә.Баешовтың 1500-ден аса ғылыми еңбектері, соның ішінде 41 монография, оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген және 260-тан аса патенттің иесі. Оның жетекшілігімен 2 докторлық, 44 кандидаттық және PhD диссертациялары қорғалды. Оның ғылыми еңбектерінің нәтижелері әлемнің әртүрлі қалаларында өткен халықаралық ғылыми симпозиумдарда, конфе-

ренцияларда баяндалған. Ғалымның бірнеше ғылыми жұмыстарының нәтижелері тікелей өндіріске енгізілген. Мысалы, Балқаш тау-кен комбинатында электролиз ерітіндісін мышьяк (V) және сурьма (V) иондарынан тазалау әдісі 1973 жылы өндіріске енгізіліп, елімізге мол экономикалық пайда әкелді.

Ал Жамбыл фосфор зауытында фосфор шламдындағы фосфор мөлшерін анықтаудың қарапайым, экономикалық тиімді әрі қауіпсіз әдісі 1985 жылдан бастап қолданылып келеді.

Проблемаларды ерекше ұтымды тапқан шешімдері арқылы жүзеге асырғаны үшін оған бірнеше патент берілді. Атап айтқанда, «Фосфор шламдындағы фосфорды анықтаудың Букетов-Баешов әдісі», «Баешов-Жұрынов әдісімен мыс ұнтағын алу», «Баешов насосы» және басқа да жаңалықтары ғылым мен өндірісте кеңінен қолданыс тапты.

Академик Е.Бөкетов пен А.Баешовтың ғылыми жаңалығын өте жоғары бағалаған Америка ғалымдары 1990 жылдары аспанда жаңадан табылған жұлдызға «Букетов – Баешов жұлдызы» деп ат қойған.

Оксфорд университетінің (Ұлыбритания) Сократтық комитетінің шешімімен «Әлемдік ғылымға қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталып, есімі «XXI ғасырдың көрнекті ғалымдарының» дүниежүзілік тізіліміне енгізілді.

Әбдуәлі Баешов Е.А. Бөкетов атындағы сыйлықтың және Нобель сыйлығының иегері П.Капица атындағы медальдің және басқа да көптеген марапаттар мен атақтарға ие болған.

Домбыра мен ғылымды үндестірген ғалым

Әбдуәлі Баешов музыкалық және әдеби шығармалар жазумен де айналысады.

Оның ғылыми және шығармашылық қызметін танытатын «Елу жыл ғылым мен білім жолында» және «Бүкіл саналы өмірімді ғылым мен білімге арнап келемін» атты екі кітабы жарық көрген.

Бұл еңбектерінде ғалым өзінің ғылыми қызметі, өмір жолы, сондай-ақ замандас ғалымдардың өмірінен алынған қызықты оқиғалар туралы баяндайды.

Көптеген музыкалық аспаптарда шебер ойнайтын ғалым өзінің ой-толғаныстарын күй мен ән арқылы да халыққа жеткізіп келеді.

1996 жылы Алматыдағы баспадан «Ясауи толғауы» атты күйлер жинағы жарық көрді. Бұл жинаққа «Ясауи толғауы», «Түркістан», «Тұран», «Репрессия», «Ұстаз» және басқа да күйлері енген.

Сонымен қатар оның «Гүл ару», «Өмірімнің жұлдызы», «Өмір-өлең», «Түркістан жастарының вальсі» және басқа да әндері мен өлеңдері еліміздің оңтүстік өңірінде кеңінен орындалып жүр.

Жарты ғасырға жуық ғұмырын ғылым мен білімге арнаған Әбдуәлі Баешов – отандық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалымдардың бірі. Оның ғылыми жаңалықтары өндірісте қолданылып, шәкірттері ғылым жолын жалғастырып келеді.

Қарапайым ауыл баласының әлемдік деңгейдегі ғалымға айналу жолы – табандылықтың, еңбекқорлықтың және ғылымға деген адалдықтың жарқын үлгісі.

Кәсіби бағдар – жарқын болашақтың бастауы

Жастарға кәсіби бағдар беру – білім беру саласындағы маңызды бағыттардың бірі. Бұл жұмыстар оқушылардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына ықпал етіп, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға, білім көкжиегін кеңейтуге жол ашады.

Осы мақсатта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Есеп және аудит» кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы мен «AL FARABI BILIM» ЖШС ұстаздары Кенжекова Ғазиза Тойманбетовна, Нургазиева Мөлдір Азимзановна және Ахаева Салтанат Усенбаевнаның жетекшілігімен 10 «Б» және 10 «В» сынып оқушылары арасында экономикалық пәндер бағыты бойынша пәндік олимпиада ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың экономика саласына деген қызығушылығын арттыру, олардың теориялық білімдерін шыңдау және болашақ мамандық таңдауда дұрыс бағыт-бағдар беру. Олимпиада барысында қатысушылар өз білімдері мен логикалық ойлау қабілеттерін көрсетіп, экономикалық сауаттылық деңгейлерін сынауға мүмкіндік алды.



Кездесу барысында «Есеп және аудит» кафедрасының оқытушы-педагогикалық құрамы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Ускенов Мақалбай қатысушыларды университеттің тарихымен, білім беру бағдарламаларымен және оқу үдерісінің ерекшеліктерімен таныстырды. Сонымен қатар, университеттің жетістіктері мен мүмкіндіктерін кеңінен насихаттайтын бейнеролик көрсетілді.

Іс-шараны ұйымдастыруға кафедраның аға оқытушылары Ахметова С.С., Абдыкулова Д.Б., Саркулова Н.К., Атенова К.А. және Карибов В.М. белсенді түрде атсалысты.

Кәсіби бағдар беру кездесуі бірнеше кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде мектеп оқушылары «Жасанды интеллект бухгалтерді алмастыра ала ма?» тақырыбында эссе жазып, өз ойларын ортаға

салды. Оқушылардың экономикалық білім деңгейін анықтау мақсатында арнайы тест тапсырмалары ұсынылып, қатысушылар өз білімдерін сынады. Сонымен қатар, олардың есте сақтау және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған сергіту ойындары ұйымдастырылды.

Кездесу барысында оқушылар мен оқытушылар арасында еркін пікір алмасу өтіп, қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жан-жақты жауап алды. Сондай-ақ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі академиялық ұтқырлық бағдарламалары, шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат беріліп, арнайы презентациялар мен бейнероликтер ұсынылды.

Іс-шара қорытындысында белсенділік танытып, жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар мадақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Мұндай кездесулер жас ұрпақтың кәсіби бағдарын айқындауға, болашақ мамандықты саналы таңдауға және жоғары білім алуға деген қызығушылығын арттыруға зор ықпал етеді.



Қамқорлық – адамгершілік белгісі



Қайырымдылық – қоғамдағы ізгілік пен мейірімділіктің жарқын көрінісі.

Осы орайда М. Әуезов атындағы ОҚЗУ-дың «Есеп және аудит» кафедрасының оқытушылары С. Ахметова, Д. Абдыкулова, Н. Саркулова, К. Атенова және В. Карибов балаларға қуаныш сыйлап, қолдау көрсету мақсатында жетім балалар үйіне арнайы барып қайтты.



Іс-шара барысында оқытушылар балалармен жылы жүздесіп, олардың өмірі мен қызығушылықтары туралы әңгімелесті. Сонымен қатар, балаларға қажетті оқу құралдары, тәттілер мен түрлі сыйлықтар табысталды. Кездесу барысында балалар үшін қызықты ойындар ұйымдастырылып, танымдық әңгімелер өткізілді.

Жетім балалар – қоғамның ерекше қамқорлығын қажет ететін жандар. Олар ата-ана мейірімінен айырылса да, қоғамның қолдауы мен қамқорлығының арқасында жарқын болашаққа қадам баса алады.

Бүгінде елімізде жетім балалардың құқықтарын қорғау мен олардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған көптеген жұмыстар атқарылуда. Мемлекет тарапынан білім алу, медициналық көмек көрсету және әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылған. Сонымен қатар, балаларды отбасына орналастыру, асырап алу және қамқоршылыққа беру мәселелеріне де ерекше көңіл бөлінуде.

Алайда жетім балаларға тек материалдық көмек жеткіліксіз. Олар үшін жылы сөз, қамқор көзқарас пен рухани қолдау аса маңызды. Әр бала өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезініп, өз қабілетін дамытуға мүмкіндік алуы керек.

Қазақ халқы ежелден жетім-жесірге қамқор болған. «Жетім көрсең, жейбей жүр» деген нақыл сөздің мәні бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қоғам болып жетім балаларға қолдау көрсету – адамгершілік пен ізгіліктің көрінісі.

Университет оқытушылары қайырымдылық шарасының басты мақсаты – жетім балаларға көңіл бөліп,

олардың қоғамның толыққанды мүшесі екенін сезіндіру екенін атап өтті. Сондай-ақ, мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді.

Қайырымдылық акциясы балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап қана қоймай, қоғамдағы жанашырлық пен адамгершілік құндылықтарын дәріптеуге үлес қосты. Әрбір бала мейірім мен қамқорлыққа лайық, сондықтан осындай игі шаралардың маңызы зор.

Сонымен қатар, іс-шара аясында кәсіби бағдар беру кездесуі өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға заманауи еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат беріліп, оқу орнының білім беру бағдарламалары таныстырылды. Мамандар өз тәжірибелерімен бөлісіп, мамандық таңдаудағы маңызды факторлар жөнінде кеңестер ұсынды.

Бүгінгі таңда кәсіби бағдар беру жұмыстарының маңызы зор. Себебі

мамандықты дұрыс таңдау – болашақтағы кәсіби жетістіктің негізі. Осындай кездесулер арқылы оқушылар өз қабілеттерін бағалап, болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға мүмкіндік алады.

Іс-шара оқушылардың белсенді қатысуымен өтіп, олардың білімге деген құштарлығын арттыруға және болашаққа деген сенімді көзқарасын қалыптастыруға өз үлесін қосты.



Новый центр *TEX4FUTURE*: шаг к развитию текстильной науки



Новый центр стал результатом многолетнего сотрудничества университетов, научных организаций и промышленных предприятий разных стран. Его деятельность направлена на развитие текстильной отрасли Казахстана и Узбекистана, подготовку квалифицированных специалистов, внедрение инновационных технологий и укрепление связей между наукой, образованием и производством.

Центр оснащен современным высокотехнологичным оборудованием мирового уровня, позволяющим проводить точные измерения и комплексные испытания текстильных материалов. Среди ключевых приборов — автоматический измеритель толщины TF121C, электронный крокметр TESTEX TF411, система измерения воздухопроницаемости AirFicient CV164, система компьютерного зрения SmartShrink CV180 и анализатор волокон TB300. Данное оборудование обеспечивает высокую точность исследований и позволяет проводить работы на международном уровне.

Проект *TEX4FUTURE* реализует концепцию «треугольника знаний», объединяющего образование, науку и производство. Центр станет площадкой для проведения лабораторных исследований, выполнения дипломных и научных работ, а также взаимодействия студентов и ученых с представителями промышленного сектора. Это позволит повысить качество подготовки специалистов и ускорить внедрение научных разработок в производство.

Проект является примером успешного международного сотрудничества Казахстана, Узбекистана, Греции, Румынии и Турции в рамках программы Erasmus+. Он способствует академической мобильности, обмену опытом и внедрению передовых европейских практик в образовательный процесс.

В перспективе планируется открытие новых центров в Казахстане и Узбекистане, что позволит сформировать единую научно-образовательную инфраструктуру текстильной отрасли и усилить международное научное взаимодействие.

Открытие *TEX4FUTURE* стало важным шагом в развитии университета и региональной текстильной промышленности, создавая новые

В Южно-Казахстанском университете имени М. Ауэзова состоялось значимое событие для отечественной легкой промышленности и системы высшего образования — открытие современного центра испытания текстильных материалов *TEX4FUTURE* («Textile Manufacturing for the Future in Uzbekistan and Kazakhstan»), созданного в рамках международной программы Erasmus+.



возможности для науки, образования и производства, а также для внедрения инноваций и повышения конкурентоспособности отрасли.

Р.КАЛДЫБАЕВ,
к.т.н., ассоциированный профессор

How to Master English When It's Your Second or Third Language

Learning English when you already speak one or two other languages is a completely different experience than learning your very first foreign tongue. Your brain is already used to handling different speech patterns; you naturally understand that languages have their own unique logic.



However, mixing multiple languages brings its own challenges. It is easy to get mentally tired from jumping between tongues, accidentally borrow words from the wrong language, or struggle to keep your English sharp while using your other languages every day. If you want to take your English from a basic conversational level to a confident, professional standard, you do not need more school textbooks. You just need a practical strategy, simple daily habits, and an awareness of the traps that can hold you back.

1. The Multi-Language Advantage: Compare, Don't Start Over

You already know how grammar changes and how sentences shift in your other languages. Do not try to learn English completely from scratch – use what you already know.

- **Compare sentence structures:** If your native or second language has a strict word order, compare it directly to English. Notice where English is simpler and where it relies more heavily on the situation or context.
- **Watch out for “false friends”:** When you speak three languages, your brain naturally tries to grab the closest available word. Be careful! Just because an English word looks exactly like a formal word in your own language doesn't mean it has the same exact meaning in official business or emails.

2. Shift from “Studying” to “Real-Life Use”

Basic textbook exercises can only take you so far. To sound natural and professional, you need to read and listen to the exact materials used in your specific field.

- **Learn through your job or interests:** If you work in education, law, aviation, or technology, read official manuals, case studies, and real contracts in English. This builds a highly specialized vocabulary that regular English courses completely skip.
- **Analyze real examples:** Don't just watch the news or videos for fun. Look closely at how official announcements, workplace emails, or corporate reports are put together. Notice how professionals transition between ideas and which specific words they choose to sound professional.

3. The 20-Minute Daily Routine

Fluency fades quickly if you don't use it. When you balance multiple languages, English can easily get pushed to the side. Spend just 15 to 20 minutes every single day on these three habits:

- **The 5-Minute Morning “Shadowing”:** Listen to a short, professional podcast or speech. Repeat what you hear exactly as the speaker says it, copying their rhythm, emphasis, and pauses. This trains your mouth muscles, improves your accent, and helps you remember natural phrasing.
- **The 10-Minute “Micro-Writing” Habit:** Write a short, five-sentence paragraph summarizing a news event, a work project, or your own opinion about recent movie/ event you have attended. Try using one advanced grammar pattern and two new professional words. This actively pulls new vocabulary out of your head and puts it into actual use.
- **The Total English Switch:** Pick one specific hour of the day or one specific task (like writing your daily to-do list) and do it only in English. Stop translating back and forth

in your head. If you don't know a word, look up its definition in an English-to-English dictionary instead of translating it to your native tongue. This stops you from mixing your languages together.

4. The Anti-Advice: Guarantee Your Failure

Sometimes, knowing what not to do is just as valuable as knowing what to do. If you want to stall your progress and stay stuck, make sure to follow these bad habits:

- **Collect endless dictionaries and apps:** Spend hours downloading vocabulary apps, buying thick grammar guides, and sorting word lists into colorful categories—but never actually open them to read or write a real paragraph.
- **Translate everything word-for-word:** When writing an official document, draft it entirely in your native language first, and then translate it literally word-for-word into English. Ignore how awkward the phrasing sounds to a native speaker, and hope they understand your intent anyway.
- **Wait for the perfect “fluent” moment to speak:** Never open your mouth in a meeting or write an email until you are 100% sure your grammar is absolutely flawless. Let fear of making a small mistake keep you completely silent for months.
- **Cram for five hours once a month:** Skip your daily 15-minute practice

entirely. Instead, wait until the weekend or the end of the month, sit down for a massive, painful five-hour study session, and wonder why you forget everything by Monday morning.

5. Golden Rules for Workplace Fluency

Accuracy is Better Than Speed

It is much better to speak calmly and accurately using correct professional phrasing than to talk as fast as possible while making basic mistakes.

- **Learn word pairs, not single words:** Don't just memorize single words like competence or implementation. Memorize how they look in a full sentence, such as: “to demonstrate competence” or “to ensure seamless implementation.”
- **Follow the templates:** Every professional field—whether it is a university press release or a business contract—uses standard, repeating formulas. Learn these set expressions, respect the templates, and don't try to reinvent the wheel.

By treating English as a practical tool for your daily life and career rather than a school subject, you can easily add it to your language toolkit. When it comes to true fluency, small daily steps will always beat occasional hours of heavy cramming.

D.SAMAT,
Translator, M. Auezov South
Kazakhstan University

Тарих тағылымына бастар жол: «Шымкент–Торғай» экспедициясы

Ұлттың өткені – оның бүгінгі болмысы мен ертеңгі бағдарының айнасы. Сондықтан тарихты танып-білу, рухани құндылықтарды дәріптеу және жастардың бойына отансүйгіштік қасиетті сіңіру – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Осы игі мақсатта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің белсенді студенттері ұлы ағартушы, педагог, этнограф, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығына арналған «Шымкент–Торғай» тарихи-танымдық экспедициясына қатысып қайтты.



Сегіз күнге созылған тағылымды сапар жастарға халқымыздың тарихи-мәдени мұрасымен тереңірек танысып, ұлттық құндылықтарды көзбен көріп, жүреппен сезінуге мүмкіндік берді. Экспедицияның негізгі мақсаты – Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен ағартушылық мұрасын насихаттау, тарихи орындарды таныстыру, жастардың тарихи санасын қалыптастырып, елдік құндылықтарға деген құрметін арттыру.

Сапар алдында университет алдында өткен салтанатты шығарып салу рәсімінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Басқарма Төрағасы – ректордың міндетін уақытша атқарушы Ғани Бесбаев жастарға ақ жол тілеп, мұндай экспедициялардың тәрбиелік әрі танымдық мәні ерекше екенін атап өтті. Ол қатысушыларға тарихи мекендерден мол әсер мен құнды тәжірибе жинап оралуларына ізгі тілегін білдірді.

Экспедиция бағыты Шымкент–Түркістан–Қызылорда–Жезқазған–Ұлытау–Арқалық–Қостанай–Қарабұтақ–Арал–Байқоңыр–Қызылорда–Түркістан–Шымкент бағыттарын қамтыды. Әрбір аялдама жастар үшін халқымыздың тарихын жаңаша тануға жол ашқан тағылым мектебіне айналды.



Тарихтың ізімен – қасиетті мекендерге сапар

Экспедицияның алғашқы бағыты Қызылорда қаласынан басталды. Мұнда студенттер Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде болып, оқу орнының тыныс-тіршілігімен танысты. Сонымен қатар Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейін аралап, Сыр өңірінің бай тарихы мен мә-



дени мұрасы туралы құнды мәліметтерге қанықты.

Сапардың келесі кезеңі Жезқазған мен Ұлытау өңірінде жалғасты. Қатысушылар Ұлытау облыстық тарихи-археологиялық музейінде болып, қазақ тарихының алтын бесігі саналатын қасиетті өлкенің шежіресімен танысты. Бұдан кейін Жошы хан кесенесіне тағзым етіп, Домбауыл кесенесі сияқты көне тарихи ескерткіштерді аралады. Ашық аспан астындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы музейіне барған жастар қазақ даласындағы металлургия мәдениетінің ежелгі тарихына қатысты тың деректермен танысты.



Экспедицияның маңызды аялдамаларының бірі Арқалық қаласы болды. Мұнда студенттер Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында болып, білім ордасының басшылығымен және белсенді жастарымен кездесті. Екі оқу орнының студенттері арасында еркін пікір алмасу ұйымдастырылып, тәжірибе бөлісуге мүмкіндік жасалды.

Қайтар жолда студенттер Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне арнайы аялдап, оқу орнының белсенді жастарымен кездесіп, пікір алмасты. Мұндай кездесулер жастар арасындағы өзара байланысты нығайтып, тәжірибе алмасуға жаңа мүмкіндік берді.

Тарихпен танысқан тағылымды күндер



Университет басшылығымен өткен кездесуде ұлт ұстазының ағартушылық мұрасы мен оның бүгінгі қоғамдағы маңызы кеңінен сөз болды.

Сондай-ақ жастар Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі» тарихы облыстық музейінде болып, өңірдің тарихи-мәдени мұрасымен танысты. Музей қорындағы археологиялық жәдігерлер, этнографиялық бұйымдар мен сирек экспонаттар жастардың туған ел тарихына деген қызығушылығын арттыра түсті.

Экспедицияның ең тағылымды сәттерінің бірі – ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің мемориалдық музейіне бару болды. Қатысушылар ағартушының өмір жолы, педагогикалық қызметі мен халқына қалдырған мол рухани мұрасы туралы тың мәліметтер алып, оның ұлт болашағы үшін атқарған еңбегінің мәнін тереңірек түсінді.



Тарихи-танымдық сапардан оралғаннан кейін экспедиция мүшелері университет басшылығымен кездесті. Басқосу барысында Жастар орталығының директоры Ерасыл Анарханұлы экспедицияның қорытындыларымен бөлісіп, осындай мазмұнды жобаның жүзеге асуына қолдау көрсеткен университет басшылығына алғыс айтты.

Өз кезегінде Ғани Бесбаев жастарды сәтті сапармен құттықтап, мұндай бастамалардың тәрбиелік маңызына ерекше тоқталды.

– Қазақстанның әр өңірі – тұнған тарих пен тағылым. Жастар өз өлкесімен ғана шектелмей, еліміздің басқа аймақтарын да танып-білуі керек. Тарихи орындарды аралап, жаңа орта қалыптастырып, тәжірибе алмасу – мұндай экспедициялардың басты құндылығы. Бұл бастаманы алдағы уақытта дәстүрге айналдырамыз, – деді ол.

Бүгінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті тағылымды жобаларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Өткен жылы университет жастары Абай елі – Семей өңіріне сапар жасап, ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық мұрасымен танысқан болатын.

«Шымкент-Торғай» тарихи-танымдық экспедициясы да жастар үшін жай ғана саяхат емес, өткенмен тілдесіп, ұлттық рухты сезінуге мүмкіндік берген сапар болды. Осындай тағылымды саяхаттар жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық болмысын нығайтып, ел болашағына деген жауапкершілігін қалыптастырады. Өткенін құрметтеген ұрпақтың ғана болашағы баянды болмақ.

Ш.ЗУЛПАНОВ,

Тәрибие ісі және жастар саясаты департаментінің директоры



Елім менің

Елім менің азаттыққа қол жеткізген.
Елім менің шетелдерге сөз өткізген.
Парижде өткен ЭКСПО көрмесінде.
Әміре атам Францияны дір еткізген.

Елім менің Рейхстагқа туын тіккен.
Елім менің бабалар жолын күткен.
Сиднейде өткен олимпиада кезінде.
Бекзат атам қарсыласты дірілдеткен.

Елім менің кеудесінде жыр тұнған.
Кең далам хан сарайдай құлпырған.
Ханға барып хан емессің дей алған
Елім менің Махамбеттей ұл туған.

Елім менің болмайтұғын босқа мазақ.
Тарихыңды жазармын тасқа қашап.
Бар тілегім өркендеп өрлей берші.
Қайран елім Қазағым жаса қазақ.

Елім менің батырлардың мекені.
Қасқайып тұр ханның тіккен жетегі.
Қазақтың қызы деген атым бар.
Сол атақтың өзі маған жетеді.

Тәуелсіздік тұғырындай дара шың.
Өзге елдер тек қызығып қарасын.
Егемен ел еңселі ел бола бер.
Бірлігімен бақыты тапқан жарасым.

Елім менің асқар таудай еңселі.
Шын жүрекпен сүйіп өтем мен сені.
Алтын дәндей жазылады жазира.
Шын патриот жұлдызыңмын мен сенің.

Елім менің желдей ескен жүйрігім.
Шежіреңді шертер талай күй бүгін.
Абылайдың ақ туындай желбіреп.
Көк байрағың тұрсын мәңгі биігім.

Тәуелсізбін таңдайыма нұр тұнған.
Көкірегімде Қазағым деп жыр тұнған.

Қайғырғанда қосылып қайғыратын.
Айналдым Қазақ дейтін ұлымнан.

Болашағың жарқын болсын елім ай.
Тарихыңда талай жатыр терең жай.
Туған жердің топырағы тұмарым.
Жүрегімде маздайды бір өлең ай.

Сен деп соққан бала күннен жүрегім.
Өркен жайсын өссін елдің тілегі.
Шаттығыңнан нәр алады бар Қазақ.
Қуанышым меніңде бір тірегім.

Шыдадың Ақтабанда шұбырсаңда.
Жеңіп шықтың аштықтан қырылсаңда.
Сынбадың майыспадың елім менің.
Желтоқсанда таяқ жеп жығылсаңда.

Тарихыңда қаншама сын болсада.
Қасіреттің таңы бір күн тусада.
Желбірейді көк байрағың көгімде.
Елім менің мызғымайтын жыр сана.

Қасиетті кең дала алтын бесік.
Ұрпағыңның жүрегін жалын кесіп.
Берекеңмен бірлігің тарқамасын.
Бақ ырысың тасысын жаңбыр кешіп.

Мұхтар атама

Бақұл бол қайран атам ақыным.
Мықты едің биік едің батырым.
Тірі кезде бір рет болсын кездесіп.
Батасы мен алсам деп ем ақылын.

Жатқан жерің жайлы болсын атам ай.
Қазақ сенің жүрекке тиіп батады ай.
Мұхтар ата дәл өзіңдей жыл сайын.
Сиреп жатыр ақындардың қатары ай.

Жәннаттық бол менің ақын аташым.
Жүрегімде мәңгі қалып жатасың.
Арманым орындалмай қап қойды.
Тірі кезде алғым келген батасын.

Ұрпақ едік естіп өскен жырыңды.
Кеткеніңді жаным әзер ұғынды.
Қазағымның әр бір ақын баласы.
Мұхтар ата аңсайды енді үніңді.

Төгіліп жүруші едің ән самалың.
Біраз мұң көрсеңде шаршамадың.
Бір өлеңді өз атымнан арнау қып.
Көз алдында айту еді аңсағаным.

Қорлан деп жүрегінен тамызар ән.
Қош бол енді оралмас аңыз адам.
Кеш болсада Мұхтар ата енді мен.
Саған арнап жүректен ағызам ән.



Ф.ӘНУАР,
ФИ-25-11к1 тобының 1 курс студенті

Нәруыздар мен ферменттердің рөлі және қолданылуы

Нәруыздар мен ферменттер – тірі ағзалардың өмірлік процестерін қамтамасыз ететін аса маңызды органикалық заттар. Олар құрылымдық қызмет атқарып, жасуша құрамын түзеді және катализдік қызмет арқылы биохимиялық реакцияларды жылдамдатады. Сонымен қатар зат алмасуды реттеп, қорғаныштық және тасымалдау қызметтерін орындайды. Нәруыздар мен ферменттер тамақ өнеркәсібінде, медицинада, фармацевтикада және тұрмыста кеңінен қолданылады.



Нәруыздар туралы негізгі мәліметтер:

Нәруыздар (ақуыздар, белоктар) – 20 түрлі аминқышқылдарынан тұратын күрделі биополимерлер. Олардың молекулалары құрылымдық жағынан бірнеше деңгейден (біріншілік, екіншілік, үшіншілік және төртіншілік) тұрады.

Синонимдеріне келсек: Ақуыз, белок (protein) деп атайды.

Қызметтері: Жасушалар мен ұлпалардың (тері, шаш, бұлшықет) негізі (коллаген, кератин) құрайды.

Ферментативті (катализдік): Ағзадағы химиялық реакцияларды тездетеді, жүру жылдамдығын арттырады. (ферменттер)

Қорғаныштық: Имунитетті қамтамасыз етеді (антиденелер).

Тасымалдау: Оттегі мен заттарды тасымалдайды (гемоглобин).

Қоректік: Ағзаны энергиямен және құрылыс материалымен қамтамасыз етеді.

Нәруыздардың маңызды қасиеттерінің бірі – денатурация. Жоғары температураның, қышқылдар мен сілтілердің әсерінен олардың құрылымы бұзылып, биологиялық белсенділігі жойылады (мысалы, жұмыртқаның пісуі). Сонымен қатар нәруыздардың суда ерігіштік қасиеті олардың түріне байланысты әртүрлі болады.

Ерігіштігі: Суда немесе еріткіштерде әртүрлі дәрежеде ериді (глобулярлы және фибриллярлы). Қолдану мысалдарын қарастырсақ: Тамақтану: Ет, жұмыртқа, сүт өнімдері, балық, бұршақ тұқымдастары – нәруызға бай тағамдарды пайдалану (күніне 100-120 г қажет).

Медицина/Биотехнология: Ферменттер, гормондар (инсулин), вакциналар мен дәрі-дәрмектер өндірісінде қолданады. Нәруыздар тіршіліктің негізі болып табылады және оларсыз жасушалардың жұмыс істеуі мүмкін емес.

Ферменттер - жасушаларда синтезделіп, биохимиялық реакцияларға қатысатын ақуыздық табиғаттағы биокатализатор болып табылады. Ферментті 19 ғасырда Ван Гельмонт ұсынған, алғашқыда ашыту үдерістерінде анықталған зат. Энзимология, ферментология – ферменттерді зерттейтін ғылым саласы.

Ол басқа ғылымдармен: биология, генетика, фармакология, химиямен тығыз байланысты. Ферменттердің қызметі туралы алғашқы ғылыми еңбекті Кирхгофф (1814) жариялады. Кейін ашу үдерісі ашытқы жасушаларында ғана өтеді деген ұйғарым жасаған.

Л. Пастерге (1871), Либих ферменттер жасушалардың өмір сүруіндегі пайда болған өні, ол жасушада да, олардан бөлек те қызмет атқарады деген қарсы пікір білдірді.

Либихтің ғылыми көзқарасы бойынша М. Манассеина (1871), Бухнер (1897) зерттеулерінде эксперимент жүзінде дәлелденді. Жасушаларда синтезделген ферменттер өзіне тән арнайы қызметтерін организмнің барлық мүшелерінде атқарады. Ферменттік қасиет, негізінен глобулярлық құрылымдағы ақуыздарға тән екені белгілі. Бірақ, қазіргі кезде кейбір фибриллярлық ақуыздар да (актин, миозин) катализдік белсенділік көрсететіні анықталды.

Ферменттердің (Энзимдердің) ролы мен қолданылуы

Асқорыту: Пепсин, амилаза сияқты ферменттер асқазанда тағамды ыдыратады, сіңірілуін тездетеді.

Тамақ өнеркәсібінде: Ірімшік өндірісінде (реннин), нан жабуда, сыра қайнатуда қолданылады.

Тұрмыста: Кір жуғыш ұнтақтардың құрамындағы липаза, протеаза ферменттері дақтарды кетіреді.

Медицинада: Ауруларды диагностикалау (қан анализі) және емдеу (ферменттік препараттар) үшін пайдаланылады.

Құрылысына келетін болсақ:

Тірі организмде жүретін барлық процестер ферменттердің қатысуымен атқарылады. Олардың әсерімен қорек құрамындан күрделі заттар қарапайым қосылы-

старға ыдырап, соңынан олардан осы организмге тән макромолекулалар түзіледі.

Ферменттер құрылыс бойынша: біркомпонентті және екікомпонентті бөліп бөлінеді. Біркомпонентті фермент тек нәруыздан құралады, ал екікомпонентті фермент нәруызды және нәруызды емес бөліктер кіреді. Нәруыздыбөлікті апофермент деп атайды, ал нәруызды емес бөлікті кофермент деп атайды. Коферменттердің рөлін: B1, B2, B5, B6 және т.б. витаминдер ойнай алады.

Қорытындылай келсек:

Нәруыздар мен ферменттердің денатурациясы (құрылымын жоғалту) жоғары температура немесе химиялық заттардың әсерінен жүреді, бұл олардың белсенділігін тоқтатады. Нәруыздар – ағзаның «құрылыс материалы» және негізгі функционалдық молекулалары, ал ферменттер – барлық химиялық реакцияларды жылдамдататын ерекше нәруыздар. Оларсыз тіршілік мүмкін емес және қазіргі ғылым мен өндірісте кеңінен қолданылады.

**А.ЖАКАНБАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің химия пәні
оқытушысы**